



ЭЛИШЕР НАУАИ ЖӘНЕ АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ ҮНДЕСТІК ПЕН КӨРКЕМДІК САБАҚТАСТЫҚ.

Алмағамбетова Насиба

Мойнақ району 6-санды мектептің жоғары
категориялы қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
<https://doi.org/10.5281/zenodo.18219081>

ARTICLE INFO

Qabul qilindi: 05-yanvar 2026 yil
Ma'qullandi: 08-yanvar 2026 yil
Nashr qilindi: 12-yanvar 2026 yil

KEYWORDS

рухани үндестік, шығыс
шайырлары, көркем аударма,
әділет пен адамгершілік, түркі
тілдес халықтардың әдебиеті,
мәңгілік мұра, адал еңбек,
табиғат тылсымы

ABSTRACT

Мақалада өзбек халқының кемеңгер ақыны Әлішер Науаи мен қазақ поэзиясының алыбы Абай Құнанбаев шығармашылығындағы рухани үндестік пен сабақтастық мәселелері қарастырылады. Екі ақынның түрлі тарихи дәуірлерде өмір сүргеніне қарамастан, олардың адамгершілік, адалдық және әділдік туралы идеяларының ортақтығы талданған. Шығыс классикалық әдебиетінің, соның ішінде Науаи мұрасының Абайдың дүниетанымы мен ақындық шеберлігіне тигізген ықпалына ерекше назар аударылады. Автор қос тұлғаның поэзиясындағы табиғат лирикасы мен философиялық ой-толғамдарын нақты өлең жолдарымен салыстыра отырып зерделейді. Бұл зерттеу түркі тілдес халықтардың ортақ әдеби жәдігерлерін ұлықтау мен жас ұрпаққа рухани тағылым беру тұрғысынан маңызды мәнге ие..

Әдебиет – әлемдегі әдемілікті танытатын, табиғат тамашасын жырлататын сабақ. Осынау таным сабағының тереңіне бойлау үшін шешен тіл мен көркем сөз керек. Бұл ғасырлардан ғасырларға өтіп келе жатырған заңды құндылық. Қайсы бір халықтың болмасын әдеби қазынасы тек қана туған әдебиетінің төл туындыларымен толығып байымайды. Керісінше өзге ел әдебиетінің таңдамалы туындыларының да алатын орны ерекше. Егер ұлылардың шығармаларын телегей теңізге баласақ, оның кемерін көтеріп, күннен-күнге шалқыта түсетін тағы бір үлкен арна бар. Ол- көркем аударма. Әр бір халық әдебиеті солар арқылы толығып, байып отырады. Поэтикалық аударма мектебінің өмірге келуі шын мәнінде, сонау Қазрети Науаи мен Ұлы Абайдан бастау алады. Әлішер Науаи мен Абай Құнанбаев екі түрлі дәуірде екі түрлі тарихи-әлеуметтік, саяси жағдайда- бірі орта ғасырдың мәдениетінің гүлденген кезі қолөнершілер ортасында, бірі 19 ғасырдың екінші жартысында қазақ сахарасында дүниеген келді. Солай бола тұрса да олардың өмір жолдар мен шығармашылығында өзара ұқсастық пен үндестік сипаттар мол кездеседі, өмідегі аңсары бир-халық қамы.

Өзбек халқының XV ғасырда өмір сүрген әйгілі ақыны Әлішер Науаи – өз дәуірінде екі үлкен әдеби дәстүрді, яғни түркі мен парсы-тәжік көркем сөз жетістіктерін терең игерген, қос тілді – «Зұлсанайын» атанған, шын мәніндегі аса дарынды талант иесі.

Оның үстіне ол – ескі өзбек тілінде тұңғыш рет көркем шығарма жазуды бастаушы ғана емес, оны ілгері дамытушы, жаңа биік белеске көтерген жаңашыл ақын бола алды. Өзбек жазба әдебиетінің негізгі қалаушы, өзбек поэзиясының ірі тұлғасы, бастау алатын бал бұлағына айналған кемеңгер ақын. Оның қасиетті мұраларын қазақ ақындары да айрықша бағалап, олардан рухани нәр алған. Белгілі сөз зергері Ғ.Мүсірепов: «Өзбек халқының данышпан ақыны - Әлішер Науаидың ғажайып туындыларын оқып, үлгі алмаған ақын кемде-кем, класикалық әдебиетіміздің шұғылалы шыңы Абайдың да өзіне ұстаз тұтқан, талантына бас иген ақындардың бірі – Науаи еді», - деген болатын.

Әлішер Науаи 1483 жылдан бастап өзінің әйгілі «Хамсасын» (бестік) жазуға кіріседі. Сол мақсат негізінде ол «Жеті кезбе» («Сабъаи-сайер»), «Ескендір қорғаны» («Саъди Искандари»), «Фарход-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн» атты бес дастанын жазып, өзінің кемел ақындық арынын күллі жұртшылыққа кеңінен танытады.

Әрі ол халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жайлы да «Гауһарлар тізбегі» («Назм-ул Жавахир») және әулие-әмбиелер, әкімдер туралы «Әмбиелер мен әкімдер тарихи» («Тарихи анбие ва хукамо»), дін, мұсылмандық жөнінде «Мұсылмандық нұры» («Сирож-ул-муслимин») сияқты т.б. ғылыми-зерттеу еңбектер жазып, әдебиеттану ғылымының дамуына да өз үлесін қосады.

Шоқан Уәлиханов өзбек әдебиетінің классигі Әлішер Науаиды Еуропа және Азия ғалымдары арасында бірінші болып, ерекше құрметпен тілге алған болатын. Ол өзінің 1857 жылы Қашқария жайлы жазған очеркінде: «Қара түнекті халықтың жалғыз сәулесі – Әлішер Науаидың шығармалары болды» – десе, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов: «Түркі тілдес халықтардың көпшілігінің әдебиеті мен мәдениетін өсіруде Науаи мол әсер еткен», – деген болатын.

Қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы, данышпан ақын Абай Құнанбаев, Шығыс шайырларын, оның ішінде Әлішер Науаиды да өзіне ұстаз ретінде танып, оның інжу-маржандарынан рухани нәр алған. Абайдың ұлы Абай дәрежесіне көтерілуінде Шығыс ойшылдарының ықпалы басым. Ақынның өз қолымен жазған 45 қара сөздеріне байыппен үңілер болсақ, оған анық қаныға түсеміз. Тіптен, Абай 1859 жылы 14 жасында жазған өлеңінің өзінде де: Физули, Шәмси, Сәйхали, Навои, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиз – бу һәммаси, Мәдет бер, я шағри фәрияд, – деп, Шығыстың ұлы шайырларын айрықша құрметпен тілге алып, олардан шалқар шабыт жолында медет сұрап, ерекше қадір-құрмет тұтқан.

Абайдың «Иузи раушан», «Көзі гауһар», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» деген сияқты т.б. өлеңдеріне Әлішер Науаидың ғашықтық, адамгершілік, махаббат тақырыбында жазған туындыларымен іштей үндесіп, қабысып, сарындасып жатқан тұстарын сезіну қиын емес. Әсіресе, олардың Науаидың «Чор девон» атты ғазелдерінде көтерілген ойларымен жымдаса түсетіндігін анық байқауға болады. Абайдың 1858 жылы жазған «Иузи-раушан, көзі гауһар», «Көзімнің қарасы» секілді өлеңдері Әлішер Науаидың «Хозойин-ул-маоний», яғни «Мағаналар қазынасы» атты лирикалық өлеңдерімен сарындас келеді:

«Эй киприки нешу, кузи хунхор,
Жонимни нега қилурсен афгор.
Лаьлинг ғамидин кунгилда эрди,
Хор конки сиришким этди изхор,-

десе, Абай да өзінің «Иузи- раушан, көзі гауһар» атты өлеңінде:

Иузи – раушан, көзі – гауһар,

Лағилдек бет үші әхмар.

Тамағи қардан әм бихтар,

Қашың құдрәт, қоли шигә,

Өзең гузалләрә раһбар,-

деп, сұлу қыздың келбетін шығыс шайырлары, оның ішінде Әлішер Науаи дәріптегендей ойлы, өрнекті сөздермен сипаттайды.

Өз өлеңдерінде адалдық пен пәктікті, теңдікті биікке көтере жырлап, зорлық-зомбылықты, әпербақандықты, әділетсіздіктерді сын астына алады. Әлішер Науаи мен Абай Құнанбаев әділет пен адамгершілікті, пәк сезім мен таза махаббатты, адалдықты, азаматтықты өз шығармаларына арқау етіп, барлық ой-түйіндерін ақ қағазға түсіруді басты мақсат етеді. Жастарды білімге тікелей шақырып, оқып, үйренуге үндейді. Әрі өмір, қоғам жайлы кең толғана отырып ақындық, өнер туралы да, оны орындаушылар жөнінде де өз пікірлерін ашық айтады. Жалпы, өнерге үлкен баға береді.

Ұлы ақын Әлішер Науаидың бейнелеу теориясы «Ақси-Жиһан» жайлы болған көзқарасы мен Абайдың дәл осы мәселе жөніндегі ой-түйіндерінде бір ұқсастықтар мен өзіндік ерекшеліктері өз алдына сөз боларлық – бір төбе, қадау-қадау мәселелер. Өйткені, Әлішер Науаи қоғамдық өмірдегі бес сезім мүшесінің рөлін ерекше бағалап, хауасқа («Харенки захир булбул беш Хауас-Хамса») айрықша мән бере қараған болса, Абай өзінің 38-қара сөзінде «Хауас хамса заһари», - деп үлкен ой түйеді. Абай өлең жолдарының бірінде: «Ақыл хауас барлығын Білмейдүр жүрек сезедүр», – деп көп жағдайда адам жүрегі кейбір нәрселерді, оқыс оқиғаларды алдын ала сезетіндігін ескертеді. Егер, екі ақынның ой-толғаныстарына тереңірек көңіл бөлер болсақ, онда Науаи мен Абай таным мәселесін бір мағынада, яғни адам баласының ішкі, сыртқы сезімдерінің жиынтығы ретінде бағалайтындығын байқауға болады.

Расында да Әлішер Науаи ақылды, ойлауды –шындықты білудің негізгі критерийі, өлшемі ретінде анық айтса, Абай да бұл мәселеге осы тұрғыдан көңіл аударады. Сол үшін де ақын Абай: «Ақыл – мизан, өлшеу қыл... Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеңіз», – деп, барлық мәселеге ақыл көзімен ой бөліп, ақыл сенгенде ғана соған сене біліңіз деген ойды алға тартады. Тағы бір айта кетерлік жайт, Мұхтар Әуезов берген мәліметке қарағанда, Абай өзінің үлкен ұлы Ақылбайға кемеңгер ақын Әлішер Науаидың «Сабъай Сайер» («Жеті кезбе») дастаны негізінде «Жаррақ» атты дастан жазуды тапсырған екен.

Ұлы ақын Әлішер Науаи өзінің «Чар диуан» атты лирикалық туындысында адам өмірін «балалық», «жігіттік», «орта жастық», «кәрілік» деп төрт кезеңге бөліп, оның әрбір кезеңі жайлы өз ойын жан-жақты білдірсе, Абай оның тек «жігіттік» кезеңіне ғана айрықша мән беріп, ол туралы өз ойын ортаға салады. Әлішер Науаидың кейбір ғазелдері мен лирикалық шығармаларында көрініс тапқан ой түйдектері, көтерген көкейкесті мәселелері Абай шығармаларында да аз көрініс береді. Оны біз Абайдың «Иузи раушан», «Көзімнің қарасы», «Адамның кейбір кездері», т.б. өлеңдерінен байқау мүмкіндігіне ие боламыз. Міне, олар Әлішер Науаидың «Хазайин-ул-моаний», яғни «Мағыналар қазынасы» атты еңбегіндегі көңіл-күй лирикасымен үндесіп, сарындасып кетеді. Шындығында да Абай Шығыс шайырларына жас шағында ізденіп барған болса, ол кейін келе-келе, кең тынысты кемел ақын болған шағында

да, оқта-текте болса да қайта соғып, оларға сын көзімен қарап, өзінше түйіндеулер, пайымдаулар, байламдар жасағандығын да байқаймыз.

Әлішер Науаи ұлы адамгершілік пен шын мәніндегі адамилықты аса жоғары бағалап «Одамий эрсанг демагил адами, Ониким йуқ халқ ғамидин ғами» десе, Абай да «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген тамаша идеяны алға тартады.

Сондай-ақ, Әлішер Науаи «Одамларда одамлар бор, одамларнинг нақшидур, одамларда одамлар бор, хайвон ундан яхшидур» – десе, Абай да «Адамның адамы бар, наданы бар», - деп ұлы адамдықты, адалдықты барлық нәрседен биік қоя біледі.

Әлішер Науаи «Өмірді босқа өткізбе, еңбек ет», - дей келе, «Умирини зайъе этма, мехнат қил, Мехнатни саодатининг калиди бил», – дейді. Абай болса: «Сақалын сатқан кәріден, Ақылын сатқан бала артық. Арын сатқан патшадан, Еңбегін сатқан құл артық», – дей отырып, адал еңбектің, шынайы пешене тердің мәні мен мазмұнын аса биікке көтере түседі. Сөйтіп, екі ақынның екеуі де адал еңбек, төккен тер адам баласын ер атандыратындығын өте әдемі жеткізумен бірге, адамды қарапайымдылыққа, адалдыққа баули түседі.

Сондай-ақ, Әлішер Науаи өзінің «Хайратул-аброр» («Жақсы жандардың қайраттануы») еңбегінде өлең сөздің мазмұны мен пішініне айрықша мән бере келіп: «Назмда ҳам анга маъни дурур, Бўлсин анинг сурати ҳар не дурур. Назмки маъни анга марғуб эмас, Назмни ҳам сурат зрур хуш анга. Заинда маъни доғи дилкуш анга», – десе, Абай Құнанбаев та өзінің «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінде, өлеңнің мазмұнын алтынға, сыртын күміске балайды.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы», – дейді, Абай. Тіптен Әлішер Науаи өзінің «Фархад-Шырын» дастанында қыс көрінісіне жан бітіре, жандандыра суреттей келіп: Совурда чун шажар баргини сар-сар, Су(в)нинг сиймобини дай қилди мар-мар. Ҳаво доғи булутдин кийди синжоб, Булут доғи хавога сочди сийоб», – десе, Абай Құнанбаев та өзінің «Қыс» атты өлеңінде табиғат тылсымына жан бітіріп, жандандыра суреттейді.

Оқып көрелік: «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр-мылқау танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық. Басқан жері сықырлап келіп қалды. Дем алысы үскірік, аяз бен қар, Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды», – дейді ұлы ақын. Екі ғұлама ақын өлеңдеріндегі үндестік осылай жалғасып отырады. Осындай Ұлы ақындардың өнегелі сөздерімен, тамаша байламдары-тарлан ғасырлардың жемісі. Олар ұрпақтан паққа жалынды жастар санасына сауле шашар нұр, мәңгілік мұра болып қала бермек

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлішер Науаи. «Хамса» («Бестік») дастандар жинағы.
2. Абай Құнанбаев. Шығармалары мен қара сөздері.
3. Мұхтар Әуезов. Түркі тілдес халықтар әдебиеті мен Науаи мұрасы туралы зерттеулері.
4. Ғабит Мүсірепов. Классикалық әдебиет және Абайдың ұстаздары туралы еңбектері.
5. Шоқан Уәлиханов. Қашқария очерктері және Шығыс әдебиетіне берген бағасы.